

ЯСЫН ҚҰМАРҰЛЫ

ТҮРКІТАНУФА ҚАТЫСТЫ ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІНІҢ ҚОРЫ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛУ ЖАҒДАЙЫ

В статье автор рассказывает о многочисленных китайских источниках где сохранены сведения об истории и культуре тюркских народов.

Makalede yazar eski Çin kaynaklarında türk halklarının tarihi ve kültürü hakkında bilgilere çok rastlandığını söyler.

Қазіргі кезде түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне қатысты деректер қытай тарихи жазбаларында мол деген ұғым түркітанушы немесе түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қызығатын адамдарға біршама таныс екендігі белгілі. Ендепе, қытайдың түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты деректер неліктен мол болады? Оның тошаны тегі қаншалық? Ол қайсы жақтардан белең береді? Оның қазіргі түркітанудағы керекке жаратылуы қаншалық? Оның артықшылықтары мен олқышылары не? деген сұраулардың барлығы түркітанушы әрбір оқымыстыны қызықтырары және ойға салары белгілі.

Ендепе, қытайдың түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты деректер неліктен мол болады?

Байыргы қытай тарихы мен мәдениетінің пайда болуы және оның терістік көшпендерімен байланысы:

Қытай мәдениетінің пайда болуы туралы көзқарастардың саны мол. Біреулер қытай мәдениетін бір негізді мәдениет деп қараса, енді біреулер көп негізді мәдениет деп біледі. Бір негізді мәдениет деп қараушылар қытай мәдениеті бүкілдегі Хуаң-хы (Сарыөзен: қытай мәдениетінің анасы саналатын осы өзеннің мағынасын қытайдың «Кіндік жазығы» деген атаумен мәндес деп қарауга болады) алабынан пайда болған және бүкілдегі сырттан қабылданған мәдениеттен келген деген екі ағымға бөлінеді. Ал, көп негізді деушілер қытай мәдениетінің төркінінде, яғни Хуаң-хы (Сарыөзен) алабының мәдениеті де, сырттан қабылданған мәдениеттер де бар деп қарайды. Ал, олардың үлесі туралы тағы да шарықты көзқарастар баршылық.

Мәдениет бір-ақ күнде пайда бола қалмайды. Ол бұрынғы мәдениеттердің негізінде қалыштасады, дамиды. Алайда қытай жерінде ең гүлденген мәдениет құрған әulet – Шандар (б.з.б. XVII ғ.–б.з.б.XI ғ. аралығында қытайдың Хуаң-хы (Сарыөзен) алабындағы кіндік жазығында династия құрған) болғандығы белгілі. Қазірге дейінгі ғылыми зерттеулерде қытай мәдениетінің төркіні туралы көбіндегі таласты талқыла түсетіні: біріншіден, қытайға алғашқы қолашылық, жылқы және арба сияқтыларды кім өкелді? енді бірі, Шандардың мәдениетінің негізі болған, дамыған қола өнері, арба, бейнелі жазу, алғашқы астрономия, күн тізбе, уақыт белгілеу жүйесі мен уақыт бірлігі, т. б. қайдан келді? Бұлар басқа мәдениет

Құмарұлы Я. Түркітануға қатысты қытай деректерінің...

ошақтарынан келді ме, әлде қытай жерінде тыңдан жаратылды ма? деген мәселелер.

Батыс ғалымдарының көбі қытайдың байырғы Хуаң-хы (Сарыөзен) мәдениеті батыстан барған үнді-европа тілділер жаратқан деп қарайды.

Қытай ғалымдары қытай өркениетінің пайда болуы туралы да алуан түрлі көзқарастарды ортаға қойыш келеді. Біреулері қытай өркениеті атам заманнан қытайдың өз жерінде пайда болған. Қытай мәдениеті мен батыс және Орта Азия мәдениетіндегі ұқсастықтар мәдениеттің тасымалдануынан, таралуынан болмаған, кездейсоқ құбылыс деп санайды.

Қытай байырғы заман өркениетін зерттеуші Чи-лиян мұрза өзінің «Қытай өркениет тарихы» атты кесек еңбегінде: «XVIII ғасырда, батыс оқымыстылары Қытай өркениеті Еишет өркениетінің әсеріне ұшыраған деп қарады, тіпті, кейбіреулер, қытайлықтардың өзі Еишеттен барғандар деп санады. XIX ғасырда, кейбір айтылымыс қытайтанушылар Қытай өркениеті Қосөзен алабынан (қазіргі Ирак) барған деп көрсетті. Олардың көлденең тартқаны – Қытайдың бейнелі жазуы Қосөзен алабының сына жазуына, Қытайдың түсті керамикаларының әсемделуі Орта Азияның түсті керамикаларының әсемделуіне ұқсайды екен. Бұл назарияның қашшалық қисынсыз екендігі өзі-ақ белгілі. Екі еңдердегі байырғы мәдениеттегі ұқсастық тек өркениеттің пайда болған өнірінің басқа-басқа, ішкі мазмұнының бірдей екендігін ғана түсіндіреді, оны бірінің енді біріне әсер етуінен болған деп тұжырымдауға болмайды» деп жазады [1].

Ал енді бір ғалымдар қытай өркениеті мен батыс және Орта Азия өркениеті аралығында байланыстың барлығын мойындаі отырыш, бұндағы мәдениеттік төркіннің де, этникалық төркіннің де арғы шыққан жерін қытайдың Хуаң-хы (Сарыөзен) алабына балайды. Бұндай көзқарас ұстанушылардың бірі қытайдың Евразия мәдениетін зерттеуші әйгілі ғалымы Иү-тай-шан (余太山) мұрза. Иү-тай-шан мұрза Сактар қытай жерінен таралған, қытай тарихындағы Үйсіндерді қамтыған көшпендерді түгелдей Хуаң-ди жүйесіне жатқызады [2].

Егер Иү-тай-шан мұрзаның пайырмдауын дұрыс деп қарауға тұра келсе, онда жапониялық ғалым Хашимото және басқа Norman-Mei, Norman Jeppu сияқты ғалымдар тіл мәдениеті тұрғысынан, қытай тіліндегі өзен дегенді билдіретін «жияң» (江), «хы» (河) сөздерінің қытай жеріндегі жағырашиялық таралу жағдайына сай ортаға қойған, ең байырғы бір замандарда Хуаң-хы (Сарыөзен) алабын терістіктері алтай тілді халықтар мекендеген, Чан-жияң өзені алабын заң-миян тілді халықтар мекендеген, кейінгі қытай тілі осы тілдердің тоғысынан қалыптасқан деген көзқарасына жүгінуге тұра келеді. Бұл көзқарасқа сай байырғы Хуаң-хы және оның терістігінде өзен арғы заманғы қытайша «гал» (河) делінген де бұл алтай тілдерінен келген, ал Чан-жияң алабында және оның терістігінде өзен «жияң»

(江) деп аталған, бұл тибет-бирма тілдерінен келген[3]. Бұндай көзқарас үстанушы қытай ғалымдар да бар [4].

өркениетінің, одан да аргы Егишет өркениетінің байланысын дәріптей отырып, алғашқы қытай өркениеті тікелей Батыс Азиядағы Египеттен немесе Қос өзен алабының мәдениетінен келген деп тұжырымдайды.

Қытайдың әйгілі оқымыстысы Го-мо-ро: «Шандар өздері батыстан келген болыш, келгенде жұлдыздық күн тізbenі ала келип, ішкери қытайға (кіндік жазық) енгеннен кейін жалғасты қолданған ба? Әлде, Шандардың тегі шығыстан болыш, жұлдыздық күн тізbenі Шияң-жия (商賈) немесе машиналар әкелген бе?» дейді [5]. Су-шуе-лин ханым да сонау 40-жылдары Чүй-юанның «Тәнірден сұрау» (天问) атты өлеңін зерттеген еңбегінде, сол кездегі (Чүй-юанның заманын айтпақшы – Я.К.) қытайлықтар Батыс Азияның жай-жапсарын қазіргі бізден де қанық біледі ортаға қояды [6].

Іс жүзінде байыргы Қосөзен алабы мен Орга Азияны қамтыған тұтас Евразия даласының мәдениеті мен байыргы Қытайдың орга қазығы мәдениетіндегі жақындық бейнелі жазу мен түсті керамикаларының әсемделу стилиндегі ұқсастық ғана емес еді. Терістікten Қытайдың орга жазығына енген мәдениет үлгілері бұлардан басқа қолаштырық, жылқы, арба, қастасы, әскери қару-жарақ, киім-кешек, әсемнөнер және ән, күй, би, мәдениет, тотем және салт-санана дейін барлық жақтардан байқалатын еді.

Осынша мол да алуан түсті әрі адамзаттың ең басты, ең озық мәдениет үлгілері бірінің соңынан бірі, алдымен Орга және Батыс Азияда, оның соңынан Қытайдың терістігі мен батысында, соңында Қытайдың орга жазығында пайда болуы, алайда олар төркіндес емес, өз-өз жерінде пайда болыш, бір-біріне ұқсас үлгіде қалыштасуы адамзат мәдениетінің даму заңдылығын белгілі, қойғанда, математикалық ықтималдықтың заңдылықтарына да үйлеспейтін еді. Ал, адамзаттың көлігі, көшір-қонуы, мәдениет тасымалдауы, таратуы әлі де соңшылдық мешеу күйде тұрған сол қараңғы дәуірде, сонау Египеттен немесе Қос өзен алабынан мәдениетті бірден қыры шығыстағы он мыңдаған шақырым шалғайдағы қытай жеріне жеткізу мүмкіндігі қаншалық екендігі де белгілі жәйт.

Және бір жағынан Батыс Азия болсын, Орга Азия болсын байыргы қытайдың Сарыөзен алабымен теңіз немесе басқалай асу бермес жаратылыстық бөгеттер арқылы бүкілдей ажыралыш тасталған екі болек түйік өңір емес, олардың аралығында тарихта батыс шен шығысты жалғастырған шығысы Жапон теңізінен басталыш, батысы Спан түбебіне тірелетін әйгілі жібек жолы өтетін жанға жайлы евразия даласы жатқаны мәлім. Атам заманғы тарихтан бері осы құтты даған шығысы мен батысына дейін көшпендерлер кезген. Олар шығыс-батыс мәдениетін үштастырған, мәдениеттің тез, кең таралуына дәнекер болған.

Құмарұлы Я. Тұркітануға қатысты қытай деректерінің...

Археологиялық жақтан, қытайдағы ең байырғы ана мәдениеттердің әйгілісі Хуаң-хының (Сарыөзеншің) орта-жоғарғы ағарындағы Яң-шау (仰韶) мәдениеті деп саналады. Үнді ғалымы А.К.Нарайн (A.K.Narain) «тарихтағы ең алғашқы үнді-европалықтар» атты еңбегінде, Тохарлар мен Нұқістерді (Иұздер:月氏) алғаш Қытай жеріне тараған деп қарайды. Ол Қытайдағы Сарыөзеншің орта-жоғарғы ағарындағы Чи-жия (齐家) мәдениеті, тіпті, Яң-шау (仰韶) мәдениеті уәкілдік еткен мәдениет дәл Тохарлардың «ең алғашқы» мәдениеті, тохарлар сырттан келген «жат жұрттықтар» емес, қайта сол жердің жергілікті тұргындары. Ол одан да арыға барып, үнді-европа тілділер қытайдан тараған болса керек, тохарлар сол «ең алғашқы» үнді европа тілділердің бір тармағы ретінде, ата мекенінен ең ақырғы көшкендер болуы мүмкін. Тохарлармен төркіндес «ең алғашқы» үнді-европалықтардан Хиттестер (Hittites) мен Кентүм (centum) тіл тобындағылар болып, олар осы өндірден осыдан бес-төрт мың жылдар бұрын батысқа қоныс аударған болуы мүмкін, яғни тохарлар – нұқістердің, тіпті, тұтас үнді-европа тілділердің ата жұрты Қытайдың терістігі деп қарайды [7].

Чи-жия мәдениеті мен Яң-шау мәдениетін тохарлардың және «алғашқы» үнді-европалықтардың мәдениеті деп қарау, кем дегенде археологиялық және антропологиялық жақтан дәделденген. Бұл екі мәдениет туралы қытай ғалымдарының біршама жеткілікті зерттеудің бар деп қаралады [8]. Қытай ғалымдарының ішінде Чи-жия мәдениеті мен Яң-шау мәдениетін моңғол нәсілділердің мәдениеті деп қарайтындар да бар [9].

Әйгілі ғалым Жаң-гуаң-жы: «Хы-ши дәлізіндегі б.з.б-ғы сан ғасыр тарихтан бұрынғы мәдениет қалдықтары, нұқістер мен үйсіндердің тарихтан бұрынғы мәдениетін зерттеудің ең маңызды материалы. Егер бұл ұлыстар Сы-ба (四坝) немесе Ша-жиң (沙井) мәдениетімен тікелей байланысы бар болса, сондай-ақ нұқістер мен үйсіндердің этникалық төркіні батыстағы кавказдықтарға жуық болатын болса, онда бұл Сы-ба мәдениетінің төркіні мен Чи-жия мәдениетінің ұлттық тегімен байланысын анықтауда аса маңызды дерекпен қамдайды» дейді [10].

Ал сақтар қытайдың орта жазығына енгендігінің тарихи және археологиялық деректері де жолыбын отырады. Алайда сақтар Қытайдың орта жазығына қапаң, қайсы жолмен келген деген мәселе әлі де түбебейлі шешімін тапқан жоқ. Бұнда адамды толғандыратын екі мәселе бар: бұның бірі, сақтар қытай тарихындағы азыз-ертегілік түріндегі болсын, әлде тарихи жазбалардағы болсын қайсы кейішкер, қайсы этностармен байланысады? Енді бірі, сақтар Кіндік жазыққа алғашқы Қытай мәдениеті пайда болғаннан кейін келген бе? Жоқ әлде Кіндік жазыққа еніп алғашқы қытай мәдениетін жаратушылар ма?

Біреулер ең алғашқы Кіндік жазықтағы Яң-шаш мәдениетін және Чижия, Сы-ба сияқты алғашқы қола мәдениетіне ие археологиялық мәдениеттерді батыс терістіктен енген Үнді-европа әулеттері әкелген, бұлар сақтар немесе сақтармен байланысты этностар деп біледі. Біреулер Қытай мәдениеті мен тарихының атасы Хуан-диңдыш тайпасын Қытайдың орта жазығына батыс терістіктен енген көшшелі сақ тайпасы деп қарайды. Ал, біреулер батыс Жоу династиясының патшасы Жоу-му-уаңмән (周穆王, Мутян-зі деп те аталады) барыс-келісі бар, Құрым (Күнлүн) тауындағы кел бойында (瑤池) шаралап ішісп, жыр жырласқан Ши-уаң-муды (西王母) сақтардың көсемі деп қарайды. Енді біреулер Қытайдың орга жазығына тым арыдан енген батыс терістік этностарын нұкістер (月氏) мен үйсіндер (烏孙) деп таниды, әрі оларды сақ тайпаларының тармақтарына жатқызады. Бұл көлді де әркім әр түрлі жориды.

Тағы бір ерекше ескерерлік жай — «Чи-жия», «Яң-шаш» мәдениеттеріндегі адам бас сүйектерін бір бөлім галымдары үнді-европа тишине, енді бір бөлім галымдары монгол тишине жатқызады. Осыған қарағанда бұл адам бас сүйектері осы екі типтің аралығында, яғни үнді-европа тиши мен монгол тишинің аралығында болуы да мүмкін. Бұндай аралықтағы, тип Евразия көшпенделерінің ішіндегі түркі халақтарына тән екендігі жүргілі жай. Осы талдауға сай, бұларды түркі тілді көшпенделердің мәдениеті болса керек деп күмәнданды тіпті де орынды сияқты.

Қытай жазба деректері және терістік көшпенделері

Жалпы ұлт мәдениетінің тарихын зерттеуде тарихта сол ұлтты құраған этникалық топтардың жасаған, көшіп-қонған, басқа халықтармен этникалық және мәдениет жақтарынан араласқан аймақтарындағы ерте заман мәдениет қалдықтарын құнташ зерттеуге тұра келеді. Бұл аргы ата-бабалары кезінде шығыстағы Жапон теңізінен батыстағы Балқан түбегіне дейінгі Евразия сахарасын еркін жортқан көшпенделердің ұрпағы түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуде тіпті де қажетті. Түркітанушы мамандар бұл жағында ертеден-ақ көрегендік танытып келеді.

Бұнда ең алдымен түркі халықтарының тарихи мен мәдениетіне қатысты тарихи деректердің Қыыр шығыс деректерінде молынан жолығуының мүмкіндіктерін мына жақтардан аңғара аламыз:

Бірінші, қытайдың аргы заман ұлыстарының терістік көшпенделерімен байланысы қою болған.

Мындаған жылдарға жалғасқан қытай тарихында оның елін билеген, әкімият құрган әулеттердің тәң жарымынан астамы терістік көшпенделері болғаны белгілі. Қытай тарихындағы ең алғашқы патшалық Шиялар (б.з.б. XXI ғ. - б.з.б.XVIII ғ.) терістік көшпенделерімен ерекше байланыста болған,

Құмарұлы Я. Тұркітануға қатысты қытай деректерінің...

кейін Шаңдар Шияларды талқандап патшалық құрғанда, Шияц ақсүйектері терістік көшпендеріне қашып барып қосылған. Шаң династиясының (б.з.б. XVII ғ.–б.з.б. XI ғ.) терістік көшпендерімен ұзақ уақыттық араластығы, терістік көшпендерінің Шаңдарға қосыльш, орда жұмысына дейін араласқандығы сүйек жазуының деректерінен молынаң байқалады. Шаңдардың соғы мезгіліндегі астанасы Иннегі қабырстандарынан табылған адам бас сүйектерінің де көп белегі терістік көшпендерінің екендігі дәлелденген [11]. Кей мамандар Шаң дәуірінің соғы мезгіліндегі әйгілі өйел өскери қолбасшы Фу-хауды (妇好) Шаң дәуіріндегі терістіктегі белгілі елдің (方国)Шаң патшасы У-динге (武丁) ұзатқан қызы деп қарайды. Ал, Шаңдарды аударып билік құрған Жоулар (б.з.б. XI ғ.–б.з.б. 256 ж.) терістік көшпендерімен етене болған, тіпті, бір мезет терістік көшпендері Номдармен (戎 : ғұндардың аргы аталары) бірге көшпелі мал шаруашылығымен шүғылданған. Жоуларды аударып, патшалық құрған Чиндер (б.з.б. 221 ж.–б.з.б. 206 ж.) тегінде батыс терістікте жылқы шаруашылығымен шүғылданатын көшпендері ел болған [12].

Терістік көшпендерімен араластық қытай тарихында құдды Хан династиясынан (б.з.б. 206 ж.–б.з. 220 ж.) бастап күшіне түскен төрізденеді. Іс жүзінде хан династиясынан бастап Қытайда шынайы жазба тарих пайда бола бастады. Екіншідең, Қытайдың орта жазығындағы қытай ұлты да хан дәуірінен кейін қалыштаса бастады. Одан ілгерігі Кіндік жазық түрғындарында Хан дәуірінен басталған хан ұлты ұғымы қалыштаспайды. Іс жүзінде Хан династиясынан аргы тарихқа ішкерлеген сайын Кіндік жазықпен терістік көшпендерінің байланысы қоюлана туседі. Тіпті, Хан династиясының алдындағы Шия, Шаң, Жоу, Чин династиялықтарының жарым жартысын терістік көшпендерінің құрайтындығын қытайтанушы галымдардың көбі мойындаиды [13].

Сарыөзен алабындағы байырғы қытай династиялықтарын былай қойғанда, Қытайдың шығыс онгустігіндегі б.з.б.-ғы Жоу династиясы заманында Чаң-жияңдың орта ағарында құдіретті ірі ел құрған «Чу» елінің иелерін Мыңчиғли мырза Ган-судың онгустігі арқылы Хан-жоңға еніп, одан Хаштүй-Чаңжияң алабына жеткен түркі тілділер деп қарайды [14]¹⁴. Сынжон-миян сонау 1960 жылдары Чулардың батыстағы Медия жеріне келгендей екі Жоу заманындағы тарихи деректерде баяндалған, Мидияда бүрын Скифтер болған. Мидиялықтар б.з.б.-ғы IX ғасырда елдік құрған. Сондықтан шығысқа Жоулармен бірге ілесіп келгендер Тұрандар яғни түркілер болса керек деп жазады [15]. Демек, ең алдымен жылқыны қолда үйретіп, ең алдымен атты жасак құрған сақ атты Евразия көшпендері Орта Азияны орталық етіп төңіректің төрт бүршына түгел өз әсерін тигізген, құдіретін жеткізген, мәдениетін таратқан да.

ТҮРКОЛОГИЯ, № 1-2, 2008.

Кей қытай ғалымы 5000 жылдың алдындағы Хуан-ди дәл байырғы деректердегі Гуа-жу (瓜州) өңірде жасаған «Сан-мияу» (三苗) деп жазады.

Ал, Чулар елдік күрган Чан-жиянның төменгі орта бөлегіндегі байырғы этностың аты да Мяу (苗) болған. Осы Мияулардың кейінгі ұрпағы саналатын қытайдың батыс терістігіндегі Мияу-зу, Иі-зу ұлттарының қазіргі мәдениетінде де ою-өрнек және басқа мәдениеттерде түркі мәденитіне ұқсайтын детальдардың мол екендігін бұрын да түрлі дәлел-фактілермен көрсеткен болатынбыз.

Чулардың терістікегі көшпенеңді ұлттармен этникалық байланысы тек оның мәдениетіндегі ұқсастықтан ғана емес еді, одан да қызығы – қытай тіліндегі осы елдің атын білдіретін «楚» (чу) иероглифі Қытайдың аргы ерте замандағы тілінде «Чу» деп емес, қайта «Сак» деп оқылатын еді. Яғни, ғалымдар терістік көшпенеңділерімен төркіндестірген осы елдің байырғы аты «Сак» немесе «сақ елі» (楚国) болған. Бұл Қыыр Шығысқа келген сақтардың бірден-бір «сақ» атымен аталған елі еді.

Екінші, Ішкери Қытайға (Кіндік жазық) терістік көшпенеңділері молынан сіңген.

Кіндік жазық тұрғындарына терістік көшпенеңділері атам заманнан бері тоқтаусыз қосылып, сіңіп кетіп отырғандығы көпке белгілі жай. Басқасын былай қойғанда, терістікегі түркі тілді халықтардан б.з.-дың алды-артында тұтас Терістік Азияны тітіренткен империя ғұндардың жарым-жартысы болған оңтүстік ғұндар Хан династиясына бағынышты болыш ішкери Қытайға (кіндік жазыққа) сіңіп кетті; Таң династиясы дәуірінде (б.з. 618ж - б.з.907ж) терістікте әкімият құрган табығат түріктер ішкери Қытайға (Кіндік жазық) сіңіп кетті; монғолдар құрган Юан династиясы дәуірінде Орта Азия мен монғол даласынан жер аударылып ішкери Қытайға көшпірілген керей, найман, қоңырат, қышишақ, арғын, т.б. ұлыстардың непе он мыңдаған үрім-бұтақтары сіңіп кетті. Бұлардың барлығы Қытайдың Кіндік жазығына өз тарихы мен мәдениетін ала кірді. Әсіресе монғолдар құрган Юан династиясы дәуірінде Кіндік жазыққа көшпірілген ортаазиялық ұлыстардың (керей, найман, қоңырат, қышишақ, арғын, т.б.) ұшақтары негізінен өнер иелері мен соғыс мамандары болды. Міне бұлардың барлығы ішкери Қытайдағы (Кіндік жазық) қытай тұрғындарына өзіндегі мәдениет атаулының барлығын лақтырып тастаң, тың жалаңаш күйінде енген емес, сонымен бірге өз тарихы мен мәдениеттерін де ала кірді.

Үшінші, терістік көшпенеңділері ішкери қытаймен (кіндік жазық) атам заманнан көрпі жасаған.

Түркі халықтарының арғы ата-бабаларын құраған байырғы ғұндар, үйсіндер, нұқістер (иүзлер), тағы басқа ұлыстар мен олардың да арғы аталары

Күмарұлы Я. Түркітануға қатысты қытай деректерінің...

саналатын Шаң дәуіріндегі Гүр-фаң, Коң-фаң, Рұн (允) сияқтылар, Жоу династиясы дәуіріндегі Ном (戎), Тиек (狄) сияқты ұлыстар сонау біздің заманымыздан бұрынғы мыңдаған жылдардың арғы жағында Қытайдың орта жазығымен қоңсылас жасағандығы белгілі болса, ал кейінгі Таң династиясы дәуіріндегі түркілер, монголдардың Юаң династиясы дәуіріндегі керей, найман, аргын, қоңырат, қышпақ, меркіт, жалайыр сияқты түркі ұлтын құраған басты ұлыстар түгелдей Қытаймен шектес Сарыөзеннің терістігінде, Жапон төңізіне жуық лијуніңде, ішкі монголдың пығыс оңтүстігінде, Монгол үстіртінде, Алтай атырабында және Тәңіртау қойнауларында жүргені белгілі.

Міне осы себептерден жазу-сызу мәдениеті ерте дамыған Қытайдың байырғы жазбалары мен басқа да байырғы мәдениет үлгілерінде түркі халықтарының арғы аталарын қамтыған терістік көшпенделерінің тарихы мен мәдениетіне қатысты деректер молынан жолығады. Қытай тарихи жазба деректері әдетте арнаулы тарих (正史), бейресми тарих (野史) және әдеби туындылар больш ушке бөлінеді:

Бірінші, Қытай арнаулы тарихтарындағы (正史) түркітануға қатысты тарихи деректер.

Бұл – ерте замандардан тарихшылардың түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуде баса назар аударып келе жатқан аумақ. Бұдан бұрынғы тарихи зерттеулерде бұл жағы үнемі дәрілтеліп және пайдаланылып келеді. Қазіргі түркітанушылардың қытай тарихи жазбаларындағы түркітануға қатысты деректер дегендеге көздейтіні осы арнаулы тарихтағы деректер.

Байырғы қытай тарихи жазбаларындағы түркітануға қатысты деректерді танып айыру және оны түркі, ұйғыр тілдеріне аударудың түркі тарихы мен мәдениетін зерттеудегі маңызының зорлығы айтпасақ та түсінікті. Қытайда қыруар жұмыстар тындырылды. «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректемелердің» бірінші, екінші томдары жарық көрді, үшінші томы дайындалып болды [16]. Кейін тағы төртінші, бесінші томдары қолға алынбақ. Ал осы шығармалардың ұйғыр тіліне аударылып басылуы да ерте қолға алынып, қыруар еңбектер тындырылғаны белгілі. Қыргыз тілінде де жұмыс атқарылды. Қазақстандағы түркітанушы ғалымдар да осындағы тарихи аударма жұмыстарына ынталы араласуда.

Қытайдың арнаулы патшалық тарихтарында түркі халықтарының этникалық тегіне қатысты деректердің молдығы белгілі: ғұндар, ұйсіндер, иұзлер, түрктер, оғыздар кейінгі керей, найман, аргын, қоңырат, қышпақ, меркіт, жалайыр, т.б. ұлыстар туралы деректер молынан жолығады.

Ал, біздің жоғарда тілге тиек етіп отырған қытай тарихнамаларындағы түркітануға қатысты деректемелеріміз негізінен Қытай тарихындағы хандықтар тарихы саналатын 26 тарихтан (біз айтып отырған арнаулы тарих) сұрышташ алынған түркі және түркі халықтарының арғы аталарына қатысты тарихи деректер. Іс жүзінде Қытайда бұлардан басқа да бейресми тарихи жазбалар, деректер толып жатыр. Олардағы тарихи деректер арнаулы тарихтардағыдан неше есе мол деуге болады.

Екінші, Қытай бейресми тарихтарындағы (野史) ТҮРКІТАНУФА ҚАТЫСТЫ тарихи деректер.

Қытай тарихындағы арнаулы тарих ретінде саналатындар негізінен қытайдың Хан династиясы дәуірінен кейінгі патшалықтар тарихи айтылады. Ал қытай тарихындағы ең алғашқы жазба деректер Қытайдың Ин-Шаң дәуіріндегі бейнелі сүйек жазбаларынан [17], батыс Жоу династиясы тұсындағы қола жазбаларынан басталса [18], бұлардың соны батыс Жоу патшалығы дәуірлеріндегі «Тау-теңіз шежіресі» (山海经), «Жылнама» (春秋), «Зуо-чuan» (左传), «Ана тілі» (国语), «Үәзір» (尚书), «Му-тиян-зінің қиссасы» (穆天子传) сияқты сандаған жазба тарихи-әдеби еңбектерге ұласып жатады. Бұлардың барлығы қытайдың арнаулы патшалықтар тарихы жазыла бастаудан бұрынғы замандағы (Чин-хан династиялықтарынан бұрынғы) тарихи-әдеби еңбектер. Олардағы ғұндардың, үйсіндердің тағы басқа терістік көшпендерінің арғы аталары Ном (戎), Тиек (狄) т.б. ұлыстар туралы қыруар тарихи мәліметтер жолығады.

Тек сүйек жазуларынға мысалға алсак, Шаң заманында Қытайдың орга жазығы мен оның төңірегіндегі аймақтарда бір-бірінен дербес көнтеген елдер мен ұлыстар өмір сүрген. Сол қатардағы Коң-фаң, Гүр-фаң (鬼方) тағы сол сияқты көшпелі ұлыстарды қытайтанушы ғалымдар Ғұндардың арғы аталары, ал, Рұн (允) сияқты ұлыстарды Үйсіндердің арғы аталары деп дәлелдейді [19]. Сүйек жазуларында осылардың ішіндегі Ғұндардың арғы атасымен төркіндестірілген ұлыстардың бірі болған тек Коң-фаң елі туралы мазмұндар қамтылған барлық сүйектердің саны 500-ден асады. Бұлар негізінен Шаң династиясының соңғы дәуіріне тұра келетін 22-өулет атасы У-диң патша заманына шоғырланған [20]. Осы Коң-фаң елінен Қандармен байланысын жүйелі түрде аңғаруга болады. Мысалы, «Жаурын жазуының жинағы» [21] (合) (еңдігі жерде “жинақ” деп алынады) 6069-жауырынның оң бетінде, 6087-жауырынның оң бетінде Коң-фаң елінің Қандарға шабуыл жасау қаупі болжанады; жинақтағы 137-жауырынның теріс бетінде, 584-сауыттың, 6068-

Құмарұлы Я. Түркітануга қатысты қытай деректерінің...

жауырының оң бетінде Коң-фаң елінің Шандарға шабуыл жасағаны баяндалады; *жинақтың* 6344, 6345, 6347, 6349-сүйектерінде Шандардың Коң-фаң еліне жаза жорығын жасағандығы баяндалады; «Англияда сақталған 559-сүйекке, *жинақтағы* 6171, 6169, 6172, 6173, 6174-сүйектерге Шандардың Коң-фаң еліне жаза жорығын жасағандығы, жорық көлемі баяндалады.

Дәл осы тәрізді Коң-фаң елімен бір, Ғұндардың аргы атасы деп дәлелденген Гұр елі (鬼 方) туралы *жинақтың* 8591, 8592, 8593-сүйектерінде Гұр елі мен Шандардың жауастығы жазылса, 137-сүйектің, 203-сүйектің, 1114-сүйектің оң беттеріне, 1114-сүйектің теріс бетіне Гұр елінің Шандарға тәуелді болып, патшалықтың жұмысына араласқандығы, 5577-сүйектің бетіне Гұр елі адамының мансап аты, тағы басқа сүйектерде Шаң патшасының Гұрлерге жарлық түсіргендігі жайында, 20757-сүйекке Шаң патшасының Гұр еліне барғандығы туралы деректер жазылған [22].

Осымен бірге сүйек жазуларында көп жолығатын ұлыстардың бірі – ғалымдар Үйсіндердің аргы атасы деп дәлелдейтін Рұндер (旼). Сүйек жазуын танушы ғалымдар дәл осы Рұндерді білдіретін иероглифтің бейнелі сүйек жазуындағы көрінісін басына түйіншегін бір жақ шекесіне қаратыш шыт тартқан адамының бейнесі деп шешеді [23].

Басына осындай шыт тарту әдеті түріктің керей, найман тайшаларында жақынғы заманға дейін жалғасып келгені белгілі. Тіпті қазірде аздаш табылады. Ал осындай шыт тарту әдеті кезінде Хан династиясы дәүірінде оңтүстік ғұндар, кейінгі Таң патшалығы дәүірінде Тағыбат-түріктер сіңіш қалған Қытайдың сары топырақты үстіртінде осы заманға дейін жалғасып келгені белгілі. Ал байыргы ғұннан қалған суреттерде де олардың бастарына шыт тартатындығы байқалады [24].

Ғалымдар сүйек жазуларынан бұлардан басқа жоғарыда баяндалған Ғұндармен, Үйсіндермен, Сактармен төркіндестірілген Коң, Гұр, Рұн тағы сол сияқты ұлыстардың жағрациялық орнын да анықтайды [25].

Бейресми тарихтарға бұлардан басқа Чин-Хан династиялықтары тұсынан басталған қытайдың арнаулы тарихтарымен қоса жазылған түрлі қосымша тарихтар, авторлық енбектер, арнаулы тарихтар туралы түрлі-түсті түсініктемелер, толықтамалар, т.б. барлығы қамтылады. Бұлардың жалшы топаны қытайдың арнаулы тарихтарына қарағанда ондаған, жүздеген есе аргық. Ал тарихи құны арнаулы тарихтан артық болмаса кем болмайтындығы да белгілі.

Ушінші, терістік көшпенделерімен етene қытай әдебиеті.

Қытай байыргы заман әдебиеті мен біздің аргы ата-бабаларымыздың екі түрлі байланысы бары белгілі: бірі, қытай байыргы әдебиетінде біздің аргы ата-бабаларымыз туралы деректер молынан жолығады; енді бірі, қытайдың байыргы әдебиетінде біздің аргы ата-бабаларымыздың әдебиеті күшті әсер жасаған.

Аңызда қытай тарихы Хуаң-ди туралы аңызбен басталады. Хуаң-ди Қытайдың орта жазығына алғашқы мәдениет әкеледі. Аңыздарға сай жазылуынша, Хуаң-ди батыс терістіктегі көшпенді тайпа болған. Оны көптеген ғалымдар сақтармен немесе басқа да терістік көшпенділерімен байланыстырады.

Осы Хуаң-ди тайпасы Шуан-юан (轩辕) деп те аталады. «Тау-теңіз шежіресі ішкі құрлық батыс баянында» (山海经·海内西经): «Шуан-юан елі, ... адам басты, жылан денелі» деп жазылады. Хуаң-диды білдіретін Шуан-юанның қытайша жазылуы 轩辕 болып, оның екі әріші де арбаны білдіретін 车 қосымшасымен қосылып жасалған. Бұның алдыңғысы: 轩 – биік деген мағынаны, соңғысы: 辕 – арба дәртесі. Демек бұдан жеке-жеке мағыналағанда биік арба дәртесі деген мағына шығады. Бұл бір жағынан биік арба дегенді білдіреді. Сақтар арбамен көшіп жүретін халық болған. Түркі көшпенділерінде арбамен көшетін халықтар көп болған. Тіпті арба атымен аталағын этномимдер де болғаны белгілі. Оның бер жағында, Қытайдың орта жазығына арбаны терістік көшпенділері әкелгендігі деғылымда тұрақтанған көзқарас. Тарихи аңыздарда баяндалуынша, Хуаң-ди да Құрым тауынан (Құн-лүннен) Қытайдың орта жазығына айдаһар жегілген арбаға отырып, алдынан бері жол бастац, артынан аруақ қолдац, қорғап келеді. Бұл Хуаң-ди тайпасы Қытайдың орга жазығына батыс терістіктен келген Сақтар болуы мүмкін деген күмәнді арши түседі. Қытайтанушы ғалымдарда ұлуды жылқымен байланыстыруыштар да көп. Жазба деректердегі Қытайдағы «ұлуды» (айдағарды) тотем етудің аргы сілемін Хуаң-ди тайпасына дейін апаруға болады. Алайда ұлу тотем ең әуелі Сарыөзенің терістігіндегі көшпенділер мекенінде пайды болғандығы белгілі. Ал алғашқы жылқыны қолға үйретіш, арбаға жеккендер де сақтар болған. Бері иесі жол бастац, аруақ қолдац, қорғайды деп сенгендер де терістік көшпенділері екендігі тарихи мәдениеттен азын-аулақ хабары бар адамдардың барлығына белгілі жәйт. Қытай тарихшылары Қытайдың орта жазығына Хуаң-ди қола қорытуды, ат пен арбаны, тағы басқаларды әкелді деп біледі.

Қытай тарихи аңыздарында Хуаң-диден кейінгі көп ауызға алынатын Қытайдың алғашқы этникалық тегіне және мәдениетіне қатысты тағы бір тарихи бейне – Чы-ю (蚩尤). Чы-ю аңыздарда көбінде кейінгі тарихтарда терістік көшпенділерінің суреттелгені сияқты «жауыз» түрінде жолығады. «Заман әділетінде» (世纪正义) «Айдаһар балықты өзен сыйбасынан» (龙鱼河图) нақыл алып, «Чы-ю ағайынды сексен бір, олар хайуан денелі, адам сөзді, қола бас, темір иық болышты, құм жейді екен, әскери қару-жарақ жасап, аспан астын тітірентеді, төңірегін рақымсыз қырып-жояды». Батыс

Құмарұлы Я. Түркітануға қатысты қытай деректерінің...

Азиядан терістік Африкаға дейінгі өнірлерде де ерте заман адамдары адам басты, жапуар денелі адамдар туралы ақыздар таратады, сурет салып, мұсіндер ояды. Фалымдар бұларды аталған өнірдің адамдары жылқы мінген терістік көшпендерлерін алғаш көргенде шығарған деп тұжырымдайды. Ендепе, жоғардағы Чы-ю (蚩尤) туралы азыз да осыған үқсайды. «Хайуан денелі, адам сөзді, қола бас, темір иық» – астына жылқы мінген, басына дулыға, үстіне сауыт киген байырғы сақтардың жауынгері. Олардың «құм жеуі» – терістікте, құмды далада жасайтындығы. «Әскери қару-жарақ жасаң, аспан астын тітірентеді, төңірегін рақымсыз қырып-жояды» делінуі де атам заманнан терістік көшпендерлеріне телініп келе жатқан ерекшелік екендігі белгілі. Демек қытай әдебиетінің ең алғашқы нұсқаларынан болған сол кездегі тарихи шындықты көрініс еткен алғашқы азыз-ертеғілердің өзі терістік көшпендерімен байланысты екендігі байқалады.

Ал байырғы қытай жазба әдебиеттерінің ең алғашқы нұсқаларынан болған, әрі тарих, әрі әдеби үлгі алған батыс Жоу династиясы дәуіріндегі «Му-тиян-зі», «Tay-теңіз шежіресі» сияқты туындылар бір жағынан терістік көшпендерімен байланысты болса, енді бір жағынан терістік көшпендері туралы қыруар тарихи деректермен қамдайды.

Осылай, заман қанша алмасса да қытай байырғы әдебиетіндегі терістік көшпендерімен болған байланысы бір сәт толастаған емес.

Терістікегі түркі көшпендерінің арғы заманғы әдебиеті туралы да қытай деректерінде қыруар құнды деректер сақталған. Сян-шилердің (байырғы қытайдың терістігінде жасаған түркі тілді этнос) арғы заманда қытай тіліне аударылған ерлік эпостарынан үзінділер қазір де қытай галымдарының зерттеу тақырыбынан орын алғып келеді, ол қытай поэзиясының дамуына оңды әсер жасаған деп танылады [26]. Тарихта б.з.б.ғы 121-жылы Хан династиясының шеріктерімен шайқаста ғұндардың жециліп, суы мол, шебі шүйгін, қысы жылы, жазы салқын Ши-лан тауы мен Ян-жы тауынан айырылғандығы белгілі жағдай. Міне, дәл осы тарихи жағдай бейнеленген, ғұндардың «Ши-лан таудан айырылып, малға шөп қалмады, Ян-жы таудан айырылып, елде өң қалмады» деген жыр жоқтауының қытайдың батыс терістігіндегі халық әніне айналған екі жолы (қытай тілінде) таяу кездерге дейін жалғасып келген [27].

Бұлардың барлығы Қыыр Шығыста арғы әдебиетімізге қатысты біз зерттеуге татытын деректердің молдығынан дерек береді.

Бұлардан басқа Қытайдың орта жазығындағы роман жанры да терістік көшпендерінің әсер-ықпалынан аулақ қала алмады. Оның арғы «Му-тиян-зі», «Tay-теңіз шежіресі» сияқты қағаз бетіне түсірілген көлемді тарихи азыз-ертеғілерін былай қойғанда, кейінгі замандарда жазылған бүкіл әлемге әйгілі тортг классикалық романы «Үш патшалық қиссасы», «Батысқа

саяхат», «Су бойында», «Қызыл сарай түсі» сияқтылар да оқиғасы терістікпен байланысты болыш қалмастан, баяндары мен идея-көзқарастарына дейін терістіктік әсерге ұшырағандығы байқалады. Бұлардың бір бөлімін терістік көшпенділерінің ұршақтары жазған.

Жалпы қытай әдебиеті елімсақтан бері жанры, идея-көзқарастарына дейін терістік көшпенділерінің әдебиет әсеріне ұшыраған отырды, тіпті, белгілі мағынадан байырғы Қытайдың Кіндік жазық әдебиеті терістік көшпенділерінің әдебиет әсерінің арқасында қалыптасып, көркейгендігін байқауға болады.

Қытай әдебиетіне терістік көшпенділерінің әсер ықпалында тағы бір айрықша орында тұратыны – қытай тіл-жазуында әдебиет жасампаздығымен шүғылданған терістік көшпенділерінің ұрпағынан болған әйгілі қаламгерлер. Олардың бізге белгілілерінен Тац-Соң династиялықтары тұсындағы ақындардан бір бөлім ғалымдар терістік көшпенділерінің ұрпағы санайтын Ли-бай, тағы басқа ақындар. Ал, монголдардың Юан династиясы кезінде Орта Азиядан Қытай жеріне қоныс аударылған мыңдаған оқымысты, өнер иелерінің бір бөлімінің қаламгерлер екендігі, тағы бір бөлегінің Қытайдың Орта жазығында туылып, тәрбие алыш, кейін әйгілі әдебиетші, суреткер, т.б. мамандықтардың иесі болыш жетіліп, қытайдың әдебиеті мен мәдениетіне аса зор үлестерді қосқаны белгілі.

Мәдениет тарихының қамбасы – қытай иероглифі.

Қытай иероглифі жасалу үлгісі, жолы, дыбысталуы, білдіретін мазмұны жөне жалпы топаны жағынан аса хикметті бір дүние. Оның өн бойына байырғы Қыыр Шығыс мәдениетінің нілі мен ділі сізділген. Оны белгілі мағынадан қытай мәдениетінің (кеңейтілген мағынада қыыр шығыс мәдениетінің) энциклопедиясы деп айтуға да болады.

Осы қытайдың иероглифиінде біздің арғы ата-бабаларымыздың тарихы мен мәдениетіне қатысты қыруар жіп ұштары жасырынған. Бұл туралы «Ана тілдегі ана мәдениеттің іздері», «Тіл мәдениет тарихының айғағы», «Садақ тартыш, ту көтерген рулар туралы қытай, монгол деректері не дейді?» атты мақалаларымда да көштеген жанды мысалдар бар [28]. Осы арада тағы да бұл туралы бір тамаша мысалды көлденен тартуға болады:

Мысалы, қытай тіліндегі тек бір аттың «ерін» білдіретін бір «鞍» деген иероглифті талдаудан мынадай қорытындылар шығара аламыз:

“Ер”-ді орынша “седло”, ағылшынша “saddle”, монголша “эмээл”, манжу тілімен түбірлес сібе тілінде “онгон”, қытайша “эн”, қыпшақша “ейер” деп атайды.

Осы қытай тіліндегі аттың ерін білдіретін “эн” (鞍) деген сөз байырғы қытай тіліндегі буын соңындағы “-р” дыбысының “-н” дыбысына алмасу заңдылығына сай түркі тіліндегі “ер” немесе “ейер” дегеннен өзгеріп

Құмарұлы Я. Түркітануга қатысты қытай деректерінің...

қабылданған деген көзқарасымды бұрынғы мақалаларымда оргаға қойған болатынын [29].

Ал, қытай иероглифтеріндегі “ән” деп оқылып, аттың ерін білдіретін осы “鞍” иероглифи қытайдың Шаң дәуіріндегі сүйек жазуында жолықпайды. Ол Жауласқан бектіктер заманынан кейін (б.з.б. 476-жылдан кейін) барыш пайда болған. Бұл иероглифтің осылай жасалуы да тегін емес. Ол қытайшадағы жануардың терісін білдіретін 革 иероглифи (бұның алғашқы қытай бейнелі иероглифинде көрінісі малдың терісін союға қатысты) мен “ән” деп дыбысталатын 安 иероглифинде біркітірілуінен жасалған. Бұл қытай иероглифтеріндегі жасалу жолдарының бірі. Яғни, қытай иероглифи көбіндеге екі бөлекten қосылып жасалған, оның алдыңғы жарым бөлегі сол иероглиф білдіретін нәрсениң қасиетін, соңғы бөлегі сол нәрсениң дыбысталуын көрсетеді. Сонымен, жоғарыдағы айтылғандар бойынша, Қытайда аттың ері дегенді білдіретін осы “鞍” иероглифи жасалған тұста ер ағаштан емес теріден жасалып, “ән” деп аталатындығын білеміз.

Біз бұдан қытай тіліндегі аттың ерін білдіретін “ән” түркі тіліндегі “ер”-ден қабылданды деуден тыс тағы мынадай жіп ұптарын байқай аламыз:

а. Қытайдың орга жазығы аттың ерін түркі тілділерден қабылдаған.

ә. Қытайдың орга жазығы ат мінуді Fүндардан үйренген деп қаралады. Бұдан аттың ерін де Fүндардан қабылдаған деп тұжырымдаймыз. Сонымен Қытай Fүндардан аттың ерімен қоса “ер” деген сөзді де қытай тіліндең үндестілік заңына сай “ән” деп дыбыстап қабылдаған. Бұл Fүндардың аттың ерін “ер” деп атайдыңдығын, яғни олардың түркі тілділігін көрсетеді.

б. Жоғарыда айтылғандай, қытайлар аттың ері мен “ер” деген сөзді қабылдац, ерді білдіретін иероглифті «тері»-ні білдіретін 革 иероглифи мен “ән” деп дыбысталатын 安 иероглифинде (арғы заманда қытайлар «ер» -ді «ән» деп дыбыстаған) біркесінен жасауы, сол кезде ердің ағаш ер емес теріден жасалған тоқым ер екендігін үғындырады. Егер ағаш ер болса, ерді көрсететін қытай иероглифи басқаша, ағаштан жасалған бүйім екендігін аңғартып (алдыңғы бөлегі ағашқа қатысты) жасалуы керек еді.

в. Жоғардағы баяндаулардан Fүндарды, Үйсіндерді қамтыған түркі тілді халықтар ағаш ер шайда болмай тұргандағы теріден жасалған тоқым ерді де (пазырық мәдениетіндегі алтай көшпендерінің атының ері) “ер” деп атаған деген тұжырымға келеміз.

Міне бұлардың барлығы қытай иероглифтерінде біздің тарихымыз берілген мәдениетімізге қатысты қаншалық информацияның жасырыныш жатқандығын үғындырады.

Терістік көшпендерімен байланысты қытай деректерінің зерттелу, көдеге жаратылу жағдайы мен ондағы кемістіктер.

Қытай тарихи деректері негізінде түркі халықтарының тарихын, мәдениетін зерттеу жағында қыруар еңбектер тыңдырылды. Кітаптар, мақалалар жазылды. Бұған қытай ғалымдары да, түркі ғалымдары да, дүниедегі басқа халықтардың ғалымдары да ат салысты. Түркі халықтарының тарихын (мәдениет тарихында қамтыған) жазуда осындай тарихи деректер мен ғылыми еңбектерден молынан пайдаланылды. Алайда жалшы жағдайдан қарағанда байырғы қытай деректеріне сүйене отырып аргы ата-бабаларымыздың тарихы мен мәдениетіне қатысты жіш үштаратын іздеуде мынадай олқылықтардың барлығын байқауға болады:

Біріншіден, қытайдың арнаулы тарихынан түркі халықтарының этникалық құрамына қатысты деректерді қарастырумен көбірек шектелу жәйті ауыр.

Екіншіден, бейресми тарихтарға жеткілікті мән бермеу нысаны байқалады. Іс жүзінде бұндай деректердің топаны арнаулы тарихтағыдан әлдеқайда мол, деректік құны аса жоғары.

Үшіншіден, көшпендер мәдениетіне тел көзben қарau нысаны ауыр:

Көптеген ғалымдар байырғы египет мәдениеті, қосөзен мәдениетімен, анатолия және парсы мәдениеті мен қытай мәдениетіндегі көптеген оргалықтарды байқайды да оны не жеке мәдениеттер, не өзара тікелей әсер еткен мәдениеттер деп біледі. Олардың ойында өуелі «өркениет ошақтары» деген ұғым мықтап орын алған. Дүниедегі мәдениет атаулы осы өркениет ошақтарынан тараған деп біледі. Ал өркениет ошақтарының мәдениеті төңірегіндегі көшпендер мәдениетінің жиындысы мен түнбасы болуы мүмкін деген ой оралмайды. Басқа аймақта мәдениет болған, олар да мәдениет таратқан дегенге нағызы келмейді.

«Алыштағы ата мұра» атты монографиямда: « ... дала мәдениеті сонау қарлы шыңдардан басталатын мәлдір бұлақтар, ... олар тоқтаусыз ағылыш, ойпаттағы тұңғылғы, тоймас көлдерге құйып жатады. Бұл көлдер тұрақты егін шаруашылық мәдениеті. Олар өзіне құйылып жатқан дала мәдениетін жинайды, қорытады, соңында барлығын өзінікі етеді. Дала мәдениеті қорланбайды, тоқтаусыз ағылыш, отырықшы егін шаруашылық мәдениетін жаңа мәдениеттермен қамдап отырады» деп жазған едім [30]. Байырғы қыыр шығыс мәдениетінің гаухары – қытайдың ең аргы мәдениеті – Шия (б.з.б.XXI ғ.–б.з.б.XVII ғ.), Шияң (б.з.б. XVII ғ.-б.з.б.XI ғ.) династиялары тұсындағы мәдениеті мен одан да кейінгі дәуірлердегі кіндік жазық мәдениеттерін кілец қазіргі мағынадағы қытай ұлттына ғана тән мәдениет деуге болмайды. Ол алуан ұлыстардың тоғысуынан пайда болған алуан түрлі мәдениеттің қорытпасы. Онда біздің аргы ата-бабаларымыздың да қыруар үлестері бар.

Төртіншіден, Қыыр Шығыстағы ұлан-гайыр байырғы мәдениет қазыналарынан аргы ата-бабаларымыздың мәдениет деректерін қарастыруға жеткілікті мән бермеу жағы бар.

Құмарұлы Я. Тұркітануға қатысты қытай деректерінің...

Кейбір мамандарымыз түркі жерінен басқа аймақтардағы мәдениет үлгілерінің барлығына үрке, сезіктене қарайды. Олардан өз мәдениетіміздің ен-таңбасын тануды, төркінің іздеуді біреуге барыш қосылыш кету, өз мәдениетінің төркінің басқаға телу, басқадан қарастыру немесе үлгітың тегін бөтен қайнардан қарастыру деп біледі.

Іс жүзінде, археологиялық қазбалардың, түрлі тарихи-мәдени ескерткіштердің (тіл, жазу, әдебиет, ою-өрнек, ән-куй, салт-сана, наным-санім т.б.) тарих және мәдениеттанудағы құны біз айтып жүрген атаптың тарихи жазбалардан артық болмаса, кем түспейтін де белгілі. Жазба тарих та белгілі мағынадан алғанда салыстырмалы үғым. Эрқандай халық өз тарихын басқаның есебіне жазбайтындығы белгілі. Тарихта өз атасын датташ, басқаның атасын мақташ жазған тарих кемде-кем ұшырайды. Тіпті осындай туынды болған қунде де, ол тарих есептеле месе керек.

Бесіншіден, Тарихи жазбалардағы олқылықтарға тұра мәміле жасау мәселесі.

Қазіргі түркітануға қатысты тарихи жазбалардың мүлде басым көшпілігі өз ата-бабаларымыздың емес басқа халықтардың өкілдерінің қолымен олардың өз тарихын жазуы кезінде қосынша жазылған. Мысалы, тарихтағы қытай тілі мен қытай жазбаларында қытайтың кіндік (орта) жазығындағы ұйытқы халықтардан басқа жат жүргіткіштерді (бұратаналар) кемсітегін дерек көздері де мол ұшырайды. Бұны да түрлі жағдайлардың келтіріп пығарғаны белгілі. Біздің кей ғалымдарымыз осы жағдайды көзде ұстап, жалпы Қыыр Шығыс тарихи деректері мен арғы заман мәдениет үлгілеріне жатырқай қарайтын мінез танытып келеді.

Тарихи жазбаларда түсінбестікten немесе қолдан жасаудан қалыштасқан қателіктердің де бар болары күмәнсіз. Бұған Тарихи жазбалардың Ғұндар баянындағы ғұндарға келген қытай елшілерінің ғұндардың салт-дәстүрін кемсіте айтқан сұраулары мен оған ғұндарға ұзатылып келген қытай қызы Жұңғақоюнің ғұндардың салт-дәстүрін ақтай, түсіндіре берген жауабы ең жақсы дәлел бола алады [31]. Қөшпенділерді ындысыз, аш көз, әдеп-иба, жөн-жосық, ұят-намыстан жүрдай етіп көрсету ғұндардан басқа халықтарды баяндауда да жолығады. Ал, шынайы тарихқа бақсақ, басқалар өз тарихында ындысыз, аш көз, әдеп-иба, жөн-жосық, ұят-намысты жоқ, жабайылар деп баяндайтын осы арнаулы ордалық идеологиясы, заң-жарлығы ташып дала қөшпенділерінде қылмысы ең аз, түрмесі жоқ, өзара қайырым, адамгершілігі ең күшті, зорлықты күшкө емес аталы сөзге, бабалар дәстүріне ең жүгінетін салиқалы да саналы халық болғаны белгілі. Керісінше осы қөшпенділер Орхон-енисей ескерткіштерінде Кіндік жазықпен етене табғаштарды жақындасан жаман қылық үйретеді деп жазғырады [32]. Бұлар бізге түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуде жазба тарихи деректерге ғана сүйенбей, басқа мәдениет үлгілеріне тіпті де ден қоюдың қажеттілігін ұғындырады. Бұл жағында біздің зерттеушілеріміз зерттеуге

тиісті аумақтар толыш жатқаны белгілі.

Ал арғы заманғы қытай жазба мәтіндерін емделік және мазмұндық жақтан түсіну, түсіндіру жақтарында да белгілі алалықтар бары белгілі. Біріншіден, арғы заманғы қытай жазба мәтіндерінде үтір-нұктес болмаған. Оңдагы үтір-нұктелерді кейінгі зерттеушілер қойған. Мәтіндерге үтір-нұктес түрліше қойылса, одан түрліше мағыналар шығуы да мүмкін. Екіншіден, қытай мамандарында тарихи жазбалардағы мәтіндер мен иероглифтерді түсіну, түсіндіру жақтарында да кейбір ұқсамастықтар, өзгеше шікірлер кездесіп отырады. Міне бұлардың барлығы тарихи жазбалардың кейінгі сұрышталған нұсқаларында алғашқы мағынасындағы мазмұннан ішінara алшақтау тудыруы мүмкін. Ал біздің қазіргі қытай тарихи жазбаларынан түркітануға қатысты деректерді сұрыштап аударушы мамандарымыздың аударыш жүргендегі кейінгі байырғы қытай деректерін танушы ғалымдардың түсінігі мен талғамына сай үтір-нұктесі қойылып, түсініктемесі беріліп, байырғы қытай тілінен қазіргі қытай тіліне қотарылған дайын нұсқасы. Сондықтан осы дайын нұсқада да олқылықтар болуы мүмкін.

Алтыншы, қытайдың байырғы әдебиеттеріндегі терістік көшпендеріне байланысты мазмұндарды зерттеуге сәл қарау құбылысы бар.

Әдебиеттануны қытай ғалымдары қытайдың әдебиетінің тарихтан бері терістік көшпендерінің әдебиет және мәдениет әсеріне ұшырап келе жатқандығын мойындағы отырып, қазіргі қытай әдебиет тарихын зерттеудегі терістік көшпендерінің әсеріне немқұрайлы қарау нысанына кейістік білдіреді. «Біздің батыс өңір (батыс өңір деп көбінде қытайдың батыс терістігі мен Орта Азия өңірін мәңзейді – Я. К.) әдебиетінің ықпалына қаратылған танымымыз тым кенже жатыр. Батыс өңір мен Қытайдың Кіндік жазықтың әдебиет байланысы ең бері болғанда «Тау-теніз шежіресі» замандастынан басталған. Одан кейінгі ең көрнекті құбылыстардың бірі: әр түрлі дін батыс өңір арқылы Кіндік жазыққа енгенде, қиял-ғажайыш азыздарын ала келді. Бұл қиял-ғажайыш ертегілерінің көбі батыс өңірден өрбіген, ол қытайдың орта жазығына енгеннен кейін, Қытайдың орта жазығының әдебиетіне, музыкасына, биіне және басқа көркемөнеріне терең әсер жасады» деп жазады [33].

Қытай әдебиетін зерттеудің, кілең қытайлық және кіндік жазықтық қайнарга байланған кезектегі күйіне разы болмай, оның тарихи картинасын қайта сыйдуы дәріптеген қытайлық әдебиеттануны Яң-и (杨义) мырза: «Қытайдың терістігіндегі ұлттар құрган әкімияттың әдебиетін зерттеудің маңызынан алғанда, ол тек ерекше жағдайдағы, ерекше өңірдің әдебиетін зерттеудегі күнгірт түйіндер мен әлсіз буындарға ғана қаратылған ақтаңдақты толтыру нысанасындағы зерттеу болмауы қажет. Оның біздің қытай әдебиеті мен қытай өркениетіне қаратылған тұтас тұлғалық

Құмарұлы Я. Түркітануға қатысты қытай деректерінің...

тәнімымыздың қалыптасуын жебеуі тіпті де маңыздысы», «Егінші ұлттар мен көшпенде ұлттар тайталасқан тарихи тілдік ортадағы терістік ұлттарының әдебиеті, тұтас қытай әдебиетінің бітім-болмысына, өміршілдік қуатына және тарихи тағдырына терең әсер етті» деп жазады [34].

Терістік көшпендеңдерінің әдебиеті қытайдың орта жазығының әдебиетіне ғана емес, сонымен бірге қоғамдық нағым-сенім, идея-кезқарастарына дейін теренден әсер етті. Қытайдың әдебиеттанушы маманы Уан-чиң (王青) көшпендеңдер әдебиетінің қытайдың Кіндік жазық халықтарының нағым-сеніміне жасаған әсер-ықпалы туралы: «Батыс өңір мәдениетінің енуімен, кіндік жазыққа қыруар тың елестер (表象) ағылыш кірді, бұлар қытайлықтардың ой жүйесіндегі елес (表象) желісін барынша байытты», «Батыс өңір мәдениетінің енуі, елестер аралығында байланыс орнату қағидасын өзгертіп, түрлі елестер ара тіпті де оадай, тіпті де еркін байланыс орнайтын етті. Сонымен тың елестер майданға келді. Міне бұл батыс өңір мәдениетінің Кіндік жазықтың елестік қабілетіне әсер жасаған ең басты формасы, оның қытай әдебиетінің әрқайсы жақтарына жасаған әсері аса зор болды». «Ол қытайлықтардың дүниенің және барлық тіршілік галамының өмір сүруі туралы тәнімін өзгерту. Әлемдегі барлық заттың иесі мен киесі болады кезқарасы мен қытайлықтардың жаратылыстың заңы – бастысы қозғалыстың өзгеріс заңы деген кезқарасын өзгерту және дамытты. Кіндік жазықтықтарды материясыз бірлік, тұрақты өлшемі, қозғаушы күші, нысанасы болмаған қозғалыс (өзгеріс) өмір сүреді, мұлде еркін түрдегі қозғалыс және өзгеріс болады дегенге сендерді» деп жазады [35]. Демек автор қытай қиял-ғажап әдебиеті терістік көшпендеңдерінің әдебиетінің әсерінде қалыптасқан демекші.

Ұзақ жылдардан бері батыс терістік көшпендеңдерін зерттеудің түйіні мен тәсілінде шынайы заттық дәлелге ие болу жағына баса мән берілді. «Таутеніз шежіресі», «Му-тиян-зі» сияқты әдебілігі ерекше құшті шығармаларда батыс терістік көшпендеңдеріне қатысты тарихи мазмұндар көп болса да, ондағы баяндар туралы шынайы дерек, археологиялық факті, қатаң дәлелдеу талап етіліп келді. Осында талаптың жетегінде батыс терістік көшпендеңдерін зерттеу саласында археологтар, тарихшылар, географтар көнтек көзге көрінді де, әдебиет зерттеу аумағында жемісті еңбек, тартымды табыс мәз болмады. Осында шынайы дерек кууга табан тіреу, батыс терістік әдебиетінің Кіндік жазыққа жасаған әсерін, яғни қытай әдебиетінің қалыптасу барысына әкелген үлесін зерттеуді немкүрайлы қалдырыды. Ал көп сандары адамдар үшін батыс терістік тек реалдықтың өмір сүруі ғана емес, сонымен бірге аңыздарғы және елестегі өмір сүру ретінде қала берді. Әдебиет реалдық пен ақиқаттың нағыз өзі емес. Оған адамдардың рухани сезімдік деталдары, тіпті, елестік, ойдырма нәрселері молынан қамтылады. Сондықтан да ол адамды

өзіне баурайды, адамға реалдықтан да артық әсер береді. Нағыз тарихи жазба мен археологиялық қазындылар бізге сол дәуірдегі адамдардың сезімдік, психикалық және рухани бейнелерін толық бейнелеп бере алмайды. Ал қолмен қойғандай шынайы тарих саналатын байырғы тарихи жазбалардың бізге қалдырганы тек тарихтың құр қаңқасы мен бұлдыр елесі, алмасқан хандықтардың шежіресі ғана. Оған сол дәуір өкімиятының идеологиясы да сіңірлген. Нағыз қан мен терден құралған, сезімдік дүниеге бай тарих әлдеқаптан келмеске кеткен. Сонымен, тарихи жазбаларда қалдырылған тарих ғасырлар қатшарында көмүлі қалған шынайы тарихтың тек болымсыз ғана бір бөлегі. Осы жоғалған тарихты шынайы жазба немесе археологиялық дәлелдермен қайта тірілтудің мүмкіндігі жоқ дерлік. Қазіргі адамдардың қолынан келетіні сол бағытта талшыныс жасау ғана. Осы мағынадан алғанда, әдебиет мұраларынан қаншалық алыс дәуірден төгіліп-шашылып, өзгеріп-өндөліп бүтінге жеткен болса да, көштеген мәңгіге жоғалған тарихи сораптардың елесін болса да байқай аламыз. Тіпті, олардан тарихи жазбалар мен археологиялық деректерден табылмайтын сол дәуір адамдарының рухани жан дүниесін аңғарамыз [36]. Әдебиет әрі тарихи, әрі рухани дүние. Ал, тарих пен археологиялық деректерде негізінен тарихи қасиет ғана орын алады. Жоғарыдағыларға негізделгенде, қытай тарихы мен мәдениетінен түркі халықтарына қатысты деректерді зерттегендеге, әдебиетті де түйін ете, оған арнаулы тарихты және материялық негізді қоса зерттегендеге ойламаған олжаларға ие болуымыз әбден мүмкін.

Жетінші, терістік көшпендерінің байырғы тарихи-мәдени келбетінің көлтеген жақтарын оның қытайдың орта жазық мәдениетіне жасаған әсерінен қарастырып тауып алуға болады. Біздің зерттеулерімізде осы жақтары жеткіліксіз.

Сегізінші, тарихи-мәдени деректерге көшпендердің көзімен қаруа кемпін.

Белгілі тарихи баянға, сөз-сөйлемге, мәтінге, тіпті иероглифке (қытай иероглифиңе), сондай-ақ басқа да тарихи-мәдени детальдарға (археологиялық, т.б.) наным-сенімі, салт-дәстүрі, тұрмыс-тірлігі, тарихи-мәдени бітім-болымысы басқа-басқа халықтар түрліше тұрғыдан назар салады. Бұл арғы заманда да болған, қазір де бар. Белгілі тарихи обьектіге қала-қыстақты халық қала-қыстақты халықтың, көшпендерлер көшпендердің көзімен назар салады, ойымен саралайды. Сондықтан тарихи жазбалар, археологиялық қазындылар, тағы басқа да тарихи-мәдени деректер туралы басқалардың шығарған қорытындысын мaldана салу емес, көшпендердің көзімен қайта саралтауға тұра келеді.

Тоғызыныңы, байырғы Қытай мәтіндерінің мазмұнына мән беру жағы басым да, жоғарыда көрсетілгендей, қытай иероглифтерінің жеке басында жасырынған көмексі дерек көздерін қарастыру жағы кемпін.

Бұған жоғарыда баяндалған «ер» туралы баян жанды мысал бола алады. Тіпті қытай иероглифтерінің кейбір сырларын көшпендерілер мәдениетін дәнекер еткенде ғана ашуға болатын тәрізді. Бұның бірнеше жанды мысалын бұрынғы мақаламда жазған едім [37]. Мысалы, қытай иероглифіндегі жебенің бейнесіне еліктең жасалған 矢 (алғапқы бейнелі жазудағы көрінісі жебенің сыйбасы) иероглифиңің «жебе» деген мағынасынан басқа және «ант ішү», «серг беру» мағынасы да бар. Жебе мағынасындағы бұл иероглифтің әрі жебе, әрі ант мағынасын беруі де әсте кездейсоқ құбылыш емес еді. Терістік көшпендерінде Сақтардың, Фұндардың және бақа да аргы заман этностарының малдың, әсіресе ақ боз аттың қанына жебенің немесе наиза, қылыштың ұшын батырыш тұрыш ант беріш, серттесетіндігін біздің заманымыздан бұрын грек тарихшысы Геродот та, қытай тарихшысы Сымашиян да жазғандығы көшке белгілі жай. Бұл әдет түркі көшпендерінде кейінгі замандарға дейін жалғасын тапты. Ал қытай иероглифтерін танушы ғалымдар «жебе»-нің осы «ант» деген екінші мағынасының тектегендеге, оның терістік көшпендерінен келгендейгін байқамаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Чи-лиян, «Қытай өркениет тарихы» (қытайша: 中国文明史), Хуа-чың баспасы, 32-б.
2. Юй-тай-шан, *Байырғы ұлыстарды тыңнан зерттеу* (қытайша : 古族新考), 92-б, Бей-жин, Жұң-хуа шу-жүй, 2000 ж.
3. 桥本万太郎 (Хашимато): «Тілдердің типологиялық географиясы», (қытайша: 语言类型地理理论), Қытайшасы 1985 ж, Бей-жин, 72-76-б. (*Gengo ruikei chiri ton*, 1978ж, Токио.)
4. Жу шуеюан: *Қытайдың терістігіндегі ұлттардың төркіні(қытайша)*. Жунхуа кітап мекемесі, 2002ж. Бей-жин.
5. «Гуо-мо-ро мақалалар жинағы» (қытайша), археология бөлімі, 1-том, Ғылым баспасы, 1982ж, 284 б.
6. Ху-шияу-хүй: «Жартас суреттері және жыныс мүшесіне табыну» (қытайша: 岩画与性殖巫术), Шин-жиян әсемөнер баспасы, 1993 ж. 206 б.
7. A.K.Narain, On the «first» Indo-Europeans: The Tokharian-Yuezhi and their Chinese homeland, Papers on Inner Asia, 2, Bloomington, Indiana, 1987.
8. Шүйүнкан: «Тохарлардың төркіні» (қытайша: 吐火罗人的起源), Күнлүн баспасы, 2005ж., Бей-жин. 41 б.
9. Шүйүнкан: «Тохарлардың төркіні» (қытайша: 吐火罗人的起源, Күнлүн баспасы, 2005 ж., Бей-жин. 44 б.

ТҮРКОЛОГИЯ, № 1-2, 2008.

10. Жан-гуаң-жы: «Археологиядан байқалған Хан дәуірінен бұрынғы батыс терістік» (қытайша: 考古学上所见汉代以前的西北), Оргалық академия тарих-тілтану институтының журналы, 2-кітап, 1-бөлім, 1970-ж, Тай-бей, 96б.
11. Лу-лиян-чың: «Қола мәдениетінің қамбасы» (қытайша: 青铜文化的宝库), Сы-чуан оку-агарту баспасы, 1996 ж., 53-54 б.
12. Гуо-у: «Ұлыстың ұлсы ісі – Қытайдың байырғы соғыс арбасы және соғыс жылқысы» (қытайша: 国之大事 — 中国古代战车战马), Сы-чуан оку-агарту баспасы, 2004 ж.
13. Жу-шүе-юан: «Қытайдың терістігіндегі ұлттардың төркіні» (қытайша: 中国北方诸族的源流), Жун-хуа кітап мекемесі, 2002 ж. Бей-жин.
14. Мыңчиғли: «Дала мәдениеті және адамзат тарихы» (қытайша: 草原文化与人类历史), Халықаралық мәдениет баспасы, 1999 ж., Бей-жин.
15. «Жун-шан университеті ғылыми журналы» (қытайша: 中山大学学报, 1961, № 2).
16. «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», Ұлттар баспасы, Бей-жин, 1-томы 1998-жылы, 2-томы 2003-жылы басылым көрді.
17. Сүйек жазуы – Қытайдың Ин-Шаң дәуіріндегі бал ашуға пайдаланылған малдың жауырын сүйектері немесе тасбақаның сауыттарына ойылым жазылған бейнелі жазу.
18. Жоу династиясы дәуірінде құйылған қола құралдарының бетіндегі жазулар.
19. Иү-тай-шан: «Байырғы ұлыстарды тыңнан зерттеу» (қытайша: 古族新考), Бей-жин, Жүн-хуа шу-жүй, 2000 ж.
20. Иү-тай-шан: «Байырғы ұлыстарды тыңнан зерттеу» (қытайша: 古族新考), Бей-жин, Жүн-хуа шу-жүй, 2000 ж., 92 б.
21. Го-мо-ро бас болып Қытай ғылым академиясы тарих институты құрастырған: «Сүйек жазуының жинағы», Бей-жин, Жүн-хуа шу-жүй, 2000 ж.
22. Го-мо-ро бас болып Қытай ғылым академиясы тарих институты құрастырған: «Сүйек жазуының жинағы», Бей-жин, Жүн-хуа шу-жүй, 2000 ж.
23. Иү-тай-шан: «Байырғы ұлыстарды тыңнан зерттеу» (қытайша: 古族新考), Бей-жин, Жүн-хуа шу-жүй, 2000 ж., 92 б.
24. Жандруйли, Жау бин: «Чин-Хан династиялары дәуірлеріндегі ғұндардың киім-кешек үлгілері туралы ізденіс», (қытайша: 秦汉匈奴服装形制探析), Батыс өнірді тану журналы, 2000 ж, №2, 63-64-б.
25. Жоғарыда аталған Иү-тай-шанның «Байырғы ұлыстарды тыңнан зерттеуі».
26. «Он алты бектік дәуіріндегі Мұрун-Сиянби жырлары» (қытайша: 十六国时期的慕容鲜卑歌), Батыс өнірді тану журналы, 2006ж, №2, 66-б.
27. Шуе-зоң-жың бас болып құрастырған: «Қытай Шин-жияң байырғы қоғамдық тұрмыс тарихы» (қытайша: 中国新疆古代社会生活史), Шин-жияң халық баспасы, 1997 ж, 90-б.
28. Ясиын Құмарұлы: «Ат өбзелдерінің пайда болуы туралы», Шин-жяң университеті ғылыми журналы, 2005ж, №1, 30-36-б.
29. «Алаш» журналы. 2006 ж, №5, 2007 ж, №3, №5.

ЯҚұмарұлы. Түркітануға қатысты қытай деректерінің...

30. Ясиын Құмарұлы: «Алыштағы ата мұра», Ұлттар баспасы, 2003-ж, Бей-жин, 5-бет .
31. «Ханнама ғұндар баяны».
32. «Күлтегін мәңгі тасының» онтүстік беті 5-жолында.
33. Лиу-жын-үй: «Батыс өнір мифологиясын зерттеудің жағдайы және маңызы» (қытайша: 西域神话研究之现状及其意义), Батыс өнірді тану журналы, 2006 ж, №1, 102-б.
34. Яң-иі: «Қытай өдениет тарихының картасын қайта сзызу қажет – Яң-иі мақалалар жинағы» (қытайша: 重绘中国文学地图 – 杨义学术讲演集), Қытай қоғамдық ғылымдар баспасы, 2003ж, 89б.
35. Уан-чин: «Батыс өнір мәдениетінің әсеріндегі орта заман хикаялары» (қытайша: 西域文化影响下的中古小说), Қытай қоғамдық ғылымдар баспасы, 2006 ж, 94-96б.
36. Лиу-жын-үй: «Батыс өнір мифологиясын зерттеудің жағдайы және маңызы» (қытайша: 西域神话研究之现状及其意义), Батыс өнірді тану журналы, 2006 ж, №1, 135-б.
37. «Алаш» журналы. 2007 ж, №3, 80-б.

Resume
Y.Kumaruly (Urimshi)

Data from the Chinese Literary Texts on Turkology and their conditions of usung

The article deals with the numerous Chinese sources on history and culture of Turkic peoples.